

## Қазақстан Республикасының аудандары, облыстық маңызы бар қалалары әкімдерінің сайлауын өткізу туралы

### ***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 6 маусымдағы N 130 Жарлығы. Күші жойылды - ҚР Президентінің 2007.06.04. N 339 жарлығымен.

"Президент                    пен                    Үкімет                    актілерінің  
жинағында"                және                    республикалық  
баспасөзде жариялануға тиіс

Қазақстан Республикасы Конституциясының 87-бабының 4-тармағына және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 32-бабына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН**:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының аудандары, облыстық маңызы бар қалалары әкімдерінің сайлауын өткізу ережесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы:

1) 2006 жылғы қазанда Қазақстан Республикасы әкімшілік-аумақтық бөліністерінің отыз процентінде аудандар, облыстық маңызы бар қалалар әкімдерінің сайлауын тағайындасын, ұйымдастырысын және өткізсін;

2) осы Жарлықта көзделген, сайлау өткізілетін аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың тізбесін облыстардың әкімдерімен бірлесіп айқындастырын.

3. Қазақстан Республикасының Үкіметі облыстардың әкімдерімен бірлесіп, Қазақстан Республикасының аудандары, облыстық маңызы бар қалалары әкімдерінің сайлауын ұйымдастық, материалдық-техникалық және қаржылық қамтамасыз ету жөнінде қажетті шаралар қабылдасын.

4. Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*

*Президенті*

Қазақстан                    Республикасы

Президентінің

2006                    жылғы                    6                    маусымдағы

N                    130                    Жарлығымен

БЕКІТІЛГЕН

Қазақстан Республикасының аудандары, облыстық маңызы бар қалалары                    әкімдерінің                    сайлауын                    өткізу  
**ЕРЕЖЕСІ**

Қазақстан Республикасының аудандары, облыстық маңызы бар қалалары әкімдерінің сайлауын өткізу ережесі (бұдан әрі - Ереже) Қазақстан Республикасының Конституциясына және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының аудандары, облыстық маңызы бар қалалары әкімдерінің сайлауын ұйымдастыру мен өткізу дің тәртібін айқындайды.

### **1-тaraу. Жалпы ережелер**

1. Қазақстан Республикасының аудандары, облыстық маңызы бар қалалары әкімдерінің сайлауы тиісті әкімшілік-аумақтық бөліністерде жанама сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы өткізіледі. Жанама сайлау құқығы көрсетілген әкімдерді таңдаушылардың - мәслихаттар депутаттары болып табылатын Қазақстан Республикасы азаматтарының сайлауын білдіреді.

2. Аудан, облыстық маңызы бар қала әкімі төрт жыл мерзімге сайланады.

3. Қазақстан Республикасының аудандары, облыстық маңызы бар қалалары әкімдерінің сайлауын Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы тағайындаиды. Шығып қалған әкімдердің орнына әкім сайлауды облыстық сайлау комиссиясы әкім өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылған күннен бастап екі айдан кешіктірмей, тағайындаиды.

4. Кандидаттар осы Ережемен белгіленген шектерде сайлауға қатысуға тең құқылы.

5. Сайлауды өткізу кезінде дауыс беру таңдаушылардың ерік білдіруін қандай да болмасын бақылау мүмкіндігін болдырмайтын, жасырын болып табылады.

### **2-тaraу. Сайлау жүйесі**

6. Қазақстан Республикасының аудандары, облыстық маңызы бар қалалары әкімдерінің сайлауын өткізу кезінде:

1) дауыс беруге қатысқан таңдаушылардың елу проценттен астам дауысын алған;

2) қайта дауыс беру кезінде басқа кандидатқа қарағанда, дауыс беруге қатысқан таңдаушылардың дауыс санының көпшілігін алған кандидат сайланған болып есептеледі.

7. Әкімдер сайлауын дайындау мен өткізу ді ұйымдастыратын сайлау органдары аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың аумақтық сайлау комиссиялары (бұдан әрі - аумақтық сайлау комиссиялары) болып табылады.

8. Аумақтық сайлау комиссиясы:

1) әкімдер сайлауын өткізу ді қамтамасыз етеді;

2) әкімдікке ұсынылған кандидаттарды, олардың сенім білдірген адамдарын тіркейді, оларға тиісті күәліктер береді;

3) дауыс беруге арналған бюллетень мәтінін бекітеді;

4) дауыс беруге арналған пунктті дайындауды, дауыс беруге арналған кабиналар мен жәшіктер дайындауды қамтамасыз етеді;

5) әкімді сайлаудың нәтижелерін белгілейді, сайланған әкімді тіркейді, сайлау нәтижелері туралы хаттаманы жоғары тұрған әкімге береді;

6) қайта сайлау өткізді;

7) "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Конституциялық заңы мен осы Ережеге сәйкес басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

9. Аумақтық сайлау комиссиясының шешімдері мен іс-әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым, егер осы Ережеде өзгеше көзделмесе, шешім қабылданған немесе іс-әрекет (әрекетсіздік) жасалған күннен бастап, он күн ішінде жоғары тұрған сайлау комиссиясына немесе сотқа беріледі.

### **3-тарау. Әкімдікке кандидаттар ұсыну және оларды тіркеу**

10. Сайлау күні туралы хабарды аумақтық сайлау комиссиясы тиісті әкімшілік-аумақтық бөлініс тұрғындарының назарына жергілікті бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жеткізеді.

11. Әкім болып сайлану үшін азаматтың Қазақстан Республикасы Конституациясының 33-бабына сәйкес белсенді сайлау құқығы болуға тиіс.

12. 25 жасқа толған және тиісті облыс аумағында тұратын, сондай-ақ оған мемлекеттік саяси қызметші ретінде қойылатын талаптарға сәйкес келетін азаматтар әкімдікке кандидат бола алады.

13. Сотталғандығы занда белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алып тасталмаған адам әкімдікке кандидат бола алмайды.

14. Әкімдікке кандидаттарды балама негізде (яғни әкім лауазымына кемінде екі кандидат) ұсынуды облыс әкімі жүзеге асырады.

15. Әкімдікке кандидаттарды ұсыну аумақтық сайлау комиссиясына облыс әкімінің ұсынымы мен кандидаттардың тиісті әкімшілік-аумақтық бөліністің аумағында әкімдікке кандидаттыққа дауысқа түсу келісімі туралы өтініштерін беру арқылы жүргізіледі.

16. Кандидаттарды ұсыну сайлау күнінен қырық бес күн бұрын басталып, отыз күн қалғанда аяқталады.

17. Егер барлық ұсынылған кандидаттар оларды тіркегенге дейін өз кандидатураларын алып тастаған немесе кандидаттарды тіркеу мерзімі аяқталатын күні аудан, облыстық маңызы бар қала әкімдігіне екіден кем кандидат тіркелген жағдайда, аумақтық сайлау комиссиясы кандидаттарды ұсыну және тіркеу мерзімін ұзартады, бірақ ол он күннен аспауға тиіс.

18. Аумақтық сайлау комиссиясы кандидаттың оған қойылатын талаптарға сәйкестігін белгілейді, ол туралы тиісті хаттама жасайды.

19. Кандидат пен оның зайыбы (жұбайы) тіркеуге дейін тұрғылықты жері бойынша салық органдарына ұсыну мерзімі басталатын айдың бірінші күніне мемлекет алдындағы салық міндеттемелерінің орындалуына салық бақылауын қамтамасыз ететін үәкілетті мемлекеттік орган белгілеген тәртіппен және нысанда табысы туралы және мүлкі туралы декларация ұсынады.

20. Кандидат пен оның зайыбы (жұбайы) жариялаған табысы туралы және мүлкі туралы мәліметтердің дұрыстығын тексеру "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Конституциялық заңында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

21. Кандидаттарды тіркеу мынадай құжаттар:

1) облыс әкімінің Қазақстан Республикасы ауданының, облыстық маңызы бар қаласының әкімі лауазымына сай келетін кандидаттарды ұсыну туралы ұсынымы;

2) әкімдікке кандидаттың дауысқа түсуге келісімі туралы өтініш;

3) әкімдікке кандидат туралы өмірбаяндық деректер;

4) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен расталған көшірмесі;

5) кандидат пен оның зайыбының (жұбайының) табысы туралы және мүлкі туралы декларацияларды тапсырғаны туралы салық органының анықтамасы болған жағдайда, жүзеге асырылады.

22. Кандидаттардың тіркелгені туралы аумақтық сайлау комиссиясы хаттама жасайды.

23. Аумақтық сайлау комиссиясы:

1) кандидаттар тіркелгеннен кейін төртінші күннен кешіктірмей, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдары арқылы немесе өзге тәсілмен әрбір кандидаттың тегін, атын, әкесінің атын, туған жылын, атқаратын лауазымын, жұмыс (кәсіп) орны мен тұрғылықты жерін, кандидаттың қалауына қарай оның саяси партияға қатыстырылғы мен ұлттық тиесілілігі туралы мәліметтерді көрсете отырып, тіркелгені туралы хабарлайды;

2) тіркеу кезінде кандидаттарға тиісті куәлік береді;

3) мынадай:

кандидатты ұсыну ережелері бұзылған;

кандидат лауазымдық жағдайын немесе қызмет бабын асыра пайдаланған;

кандидаттың сайлау алдындағы үгітті жүргізу басталғанға дейін сайлау алдындағы үгітті жүргізген фактілері анықталған;

сайлаушыларды сатып алу фактілері белгілі болған;

осы Ережеде көзделген өзге де талаптарды сақтамаған жағдайда кандидатты тіркеуден бас тартады немесе тіркеу туралы шешімнің күшін жояды.

24. Кандидатты тіркеуден бас тартуға немесе оны тіркеу туралы шешімнің күшін жоюға кандидат ұш күн мерзім ішінде жоғары тұрған аумақтық сайлау комиссиясына немесе сотқа шағымдана алады.

25. Кандидаттарды тіркеу дауыс беретін күннен қырық күн бұрын басталып, жиырма бес күн қалғанда аяқталады.

26. Кандидат тіркелгенге дейінгі кезеңде және дауыс беруден 2 күн бұрын аумақтық сайлау комиссиясына бұл туралы жазбаша өтінішпен жүргіне отырып, өз кандидатурасын алып тастай алады.

Мұндай жағдайларда тиісті аумақтық сайлау комиссиясы кандидатты тіркеуді жүргізбейді не кандидатты тіркеу туралы шешімнің күшін жояды.

27. Тіркеу мерзімі аяқталғаннан кейін барлық кандидаттар шығып қалған жағдайда, сайлау мерзімін ұзарту туралы мәселені облыстық сайлау комиссиясы шешеді.

28. Дауыс беруге екі күн қалғанда, кандидатты тіркеу туралы шешімнің күшін жоюға немесе бұған дейін тіркеуден шығарылған кандидатты қалпына келтіруге жол берілмейді.

#### **4-тaraу. Сайлау алдындағы үгіт және сайлауды қаржыландыру**

29. Сайлау алдындағы үгіт барлық кандидаттар тиісті ауданда, облыстық маңызы бар қалада тіркелген күннен басталады және сайлау күнінің алдындағы күні жергілікті уақыт бойынша нөл сағатта аяқталады.

#### **30. Сайлау алдындағы үгіт:**

1) заңнамаға сәйкес сайлау алдындағы көпшілік іс-шараларын (сайлау алдындағы жиналыстар және таңдаушылармен кездесулер) өткізу арқылы;

2) баспа және өзге де үгіт материалдарын шығару және (немесе) тарату арқылы ;

3) бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жүзеге асырылады.

31. Мемлекеттік органдарға, сондай-ақ қызметтік міндеттерін атқару кезінде олардың лауазымды адамдарына, сайлау комиссияларының мүшелеріне сайлау алдындағы үгітті жүргізуге, кез келген сайлау алдындағы үгіт материалдарын таратуға тыйым салынады.

Таңдаушыларға сайлау науқаны үшін арнайы әзірленген баспа материалдарын, оның ішінде безендірілген материалдарды, сондай-ақ омырауға тағатын белгілерді, жалаулар мен жалаушаларды тегін таратуды қоспағанда, тегін тауарлар, қызмет көрсетулер, бағалы қағаздар ұсынумен, сондай-ақ ақша төлеумен ұштастырылатын сайлау алдындағы үгітті жүргізуге тыйым салынады.

32. Аудан, облыстық маңызы бар қала әкімдігіне барлық кандидаттар аумақтық сайлау комиссиясында тіркелген сэттен бастап және үгіт науқаны аяқталғанға дейін кандидаттардың өздерінің сайлау алдындағы бағдарламаларын үгіттеуге және насиҳаттауға құқығы бар.

33. Белсенді сайлау құқығына ие азаматтардың осы Ережеге сәйкес қандай да бір кандидатты қолдап немесе оған қарсы, қаржыландыруды қажет етпейтін сайлау алдындағы үгітті кедергісіз жүргізуге құқығы бар.

34. Кандидаттардың оларға сайлау науқанын жүргізуде көмектесетін, сайлау алдындағы үгітті жүргізетін, кандидаттардың мемлекеттік органдар мен басқа да ұйымдарға, қоғамдық бірлестіктерге, сайлау комиссияларына қатысты мұдделерін білдіретін бестен аспайтын сенім білдірген адамдарының болуына құқығы бар.

35. Кандидаттар сенім білдірген адамдарды өз қалауы бойынша айқындайды және олар туралы аумақтық сайлау комиссиясына тіркеу үшін хабарлайды.

36. Аумақтық сайлау комиссиясы сенім білдірген адамдарды тіркегеннен кейін оларға тиісті күәліктер береді.

37. Сенім білдірген адам Қазақстан Республикасының азаматы болуға тиіс, мәслихат депутаты, қандай да болсын сайлау комиссиясының мүшесі, мемлекеттік саяси қызметші лауазымын атқаратын адам бола алмайды.

38. Сенім білдірген адамдар өзіне кандидат берген өкілеттіктер шегінде іс-қимыл жасайды.

39. Сенім білдірген адамдар сайлау науқаны аяқталғаннан кейін немесе өз бастамасы бойынша, не кандидаттың шешімі бойынша өз мәртебесін жоғалтады.

40. Сайлау күні және оның алдындағы күні кез келген сайлау алдындағы үгітке тыйым салынады.

41. Дауыс беруге арналған үй-жайлардың сыртына бұрын ілінген үгіттік баспа материалдары бұрынғы орындарында сақталуы мүмкін.

42. Аудан, облыстық маңызы бар қала әкімдерін сайлау респубикалық бюджет қаражаты есебінен осы мақсаттар үшін ашылатын жергілікті атқарушы органдардың есепшоттары арқылы қаржыландырылады. Республикалық бюджеттен осы есепшоттарға келіп түсетін бюджет қаражатын жұмсауды аумақтық сайлау комиссиялары жүзеге асырады.

Респубикалық бюджет қаражатынан:

1) сайлау комиссияларын ұйымдастыру мен оның қызметіне, үй-жайларды жалға алуға, іссапар шығыстарына, консультанттарға, сарапшыларға еңбекақы төлеуге ;

2) кандидаттардың бұқаралық ақпарат құралдарындағы сөздеріне;

3) кандидаттардың сайлау алдындағы көпшілік іс-шараларын өткізуге және үгіт материалдарын шығаруға ;

4) кандидаттардың көлік шығыстарына жұмсалатын шығыстары жабылады.

Аудан, облыстық маңызы бар қала әкімдігіне кандидаттарға бөлінетін қаражат мөлшерін Орталық сайлау комиссиясы респубикалық бюджеттен бөлінетін қаражат шегінде айқындайды.

43. Кандидаттардың әкімдер сайлауындағы сайлау алдындағы үгіті осы Ережеде белгіленген тәртіппен құрылған сайлау қорларының қаражатынан қаржыландырыла алады.

44. Әкімдікке кандидаттың сайлау қорын:

1) кандидаттың жалпы сомасы заңнамамен белгіленген ең аз еңбекақы мөлшерінен елу еседен аспауға тиіс жеке қаражаты;

2) Қазақстан Республикасы азаматтары мен ұйымдарының жалпы сомасы заңнамамен белгіленген ең аз еңбекақы мөлшерінен жүз еседен аспайтын ерікті қайырмалдықтары құрайды.

45. Сайлау қорытындылары анықталғаннан кейін бес күннен кешіктірмей, кандидат аумақтық сайлау комиссиясына өзінің сайлау қорының қаражатын пайдаланғаны жөнінде есеп беруге міндettі.

### 5-тaraу. Әкімдер сайлауы

46. Дауыс беру мен әкімдер сайлауының қорытындыларын айқындау "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Конституциялық заңында белгіленген сайлау рәсімдеріне сәйкес жүзеге асырылады.

47. Әкімдер сайлауы таңдаушылар-мәслихаттар депутаттары отырысында өткізіледі.

48. Таңдаушылар отырысының, егер оған тиісті әкімшілік-аумақтық бөліністің мәслихат депутаттары жалпы санының кемінде үштен екісі қатысса, занды күші бар.

49. Таңдаушылар отырысына төрағалық етуші тиісті аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы болып табылады.

Таңдаушылар отырысын өткізу фактісін куәландыратын құжат отырыс хаттамасы болып табылады.

50. Аумақтық сайлау комиссиясы таңдаушылар отырысы өткізілетін үй-жайда әкім сайлауы бойынша дауыс беруге арналған пункт ұйымдастырады.

Егер дауыс беру нәтижесінде бірде-бір кандидат сайланбаса, аумақтық сайлау комиссиясы ең көп дауыс алған екі кандидат бойынша қайта дауыс беруді тағайындейды. Қайта дауыс беру сол күні өткізіледі.

51. Отырыс аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы әкім сайлауы бойынша дауыс беру нәтижелерін жариялағаннан кейін жабылады.

52. Аумақтық сайлау комиссиясы дауыс беру нәтижелері бойынша сайлау нәтижелері туралы хаттама жасайды. Сайлау қорытындылары туралы жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында хабарланады.

53. Егер сайлау жарамсыз деп танылса не екі кандидат дауысқа түскен кезде олар сайланбаса, облыстық сайлау комиссиясы қайта сайлау өткізу туралы шешім қабылдайды.

54. Қайта сайлау бастапқы сайлаулардан кейін екі ай мерзімнен кешіктірілмей, өткізіледі. Жүзеге асырылуы қайта сайлау кезінде көзделген сайлау іс-шаралары "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Конституциялық заңына және осы Ережеге сәйкес өткізіледі.

55. Қайта сайлау өткізу туралы жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында хабарланады.

#### **6-тарау. Әкімдерді тіркеу және олардың қызметке кірісуі**

56. Аумақтық сайлау комиссиясы сайлау өткізілген қүннен бастап бес қүн мерзім ішінде сайланған әкімді тіркейді. Аумақтық сайлау комиссиясының сайланған әкімді тіркеу туралы шешімі жоғары тұрған әкімге және тиісті мәслихатқа ұсынылады.

57. Аумақтық сайлау комиссиясы сайланған әкімді тіркегеннен кейін жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында әкімнің тегін, атын, әкесінің атын, туған жылын, атқаратын лауазымын, жұмыс (кәсіп) орнын және тұрғылықты жерін, әкімнің қалауына қарай оның саяси партияға қатыстылығы және қай ұлтқа тиесілілігі туралы мәліметтерді көрсете отырып, әкімді тіркеу туралы ақпарат жариялады.

58. Әкім мемлекеттік саяси қызметшінің антын берген сәттен бастап қызметіне кіріседі. Ант Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының мемлекеттік саяси қызметшілері антының мәтінін және Қазақстан Республикасы мемлекеттік саяси қызметшілерінің ант беру тәртібін бекіту туралы" 2000 жылғы 13 сәуірдегі N 372 Жарлығында белгіленген тәртіппен мәслихат депутаттары мен аумақтық сайлау комиссиясы мүшелерінің

қ а т ы с у ы м е н б е р і л е д і .

Аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы әкім қызметіне кіріскен кезде оған белгіленген үлгідегі куәлік тапсырады.

59. Аумақтық сайлау комиссиясы таңдаушылардың тізімдерін жасау ережесі, дауыс беру мен дауыстарды санау, сайлау қорытындыларын айқындау тәртібі бұзылған, осы Ереже басқадай бұзылған жағдайларда, егер осы іс-әрекеттер таңдаушылардың өз еркін білдіру нәтижелерін шынайы айқындауға мүмкіндік бермейтін болса, әкімдер сайлауын жарамсыз деп тани алады.

#### **7-тарау. Әкімдер өкілеттіктерінің тоқтатылуы және оларды қызметінен босату**

##### **60. Әкім өкілеттіктері:**

- 1) оның өзі аудан, облыстық маңызы бар қала әкімі болып табылатын тиісті облыс аумағынан тыс тұрақты тұрғылықты жерге көшкен;
- 2) соттың оны іс-әрекетке қабілетсіз, хабар-ошарсыз кеткен немесе қайтыс болған деп тану туралы шешімі занды күшіне енген;

- 3) оған қатысты соттың айыптау үкімі заңды күшіне енген;
  - 4) ол Қазақстан Республикасының азаматтығын тоқтатқан;
  - 5 ) о л қ а й т ы с б о л ғ а н ;
- 6) ол орнынан тұсу туралы жеке өтініш берген жағдайларда, мерзімінен бұрын тоқтатылады.

61. Осы Ереженің 60-тармағының 1)-5)-тармақшаларында көрсетілген негіздер бойынша әкім өкілеттіктерінің тоқтатылуы оларда көрсетілген жағдайлар басталған сәттен басталады және облыс әкімінің шешімімен ресімделеді .

Әкімнің өкілеттіктері осы Ереженің 60-тармағының 6) тармақшасында көрсетілген негіздер бойынша, облыс әкімінің шешімімен орнынан тұсу туралы өтініш берілгеннен кейін бір айдан кешіктірілмей, тоқтатылады. Орнынан түсіруден бас тартқан жағдайда, әкім қызметтік өкілеттіктерін атқаруды жалғастыруға тиіс және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен қызметінен босауга құқығы бар.

## 6 2 .                    Ә к і м :

- 1) өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституациясын, заңдарын, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілерін бұзған;
- 2) өзінің міндеттерін тиісінше атқармаған;
- 3) ұзақ мерзім бойы (қатарынан үш айдан немесе күнтізбелік жыл ішінде алты айдан аса) еңбекке жарамсыз болған жағдайларда, атқаратынлаузынан мерзімінен бұрын босатылуы мүмкін.

63. Осы Ереженің 62-тармағында көрсетілген негіздер бойынша әкім атқаратын қызметінен облыс әкімінің шешімімен аудан, облыстық маңызы бар қала прокурорының алдын ала қорытындысы және кейіннен алынған тиісті аудандық (қалалық) мәслихат депутаттары жалпы санының кемінде үштен екісінің келісімі бар болғанда босатылады.

64. Осы Ереженің орындалуына бақылау жасауды, оның бірыңғай қолданылуын қамтамасыз етуді Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы жүзеге асырады .

Осы Ережемен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының актілерімен шешіледі.